



№37 (8189)
18 қыркүйек
БЕЙСЕНБІ,
2025 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



www.facebook.com/kenzhylol
ken_jyloi_gazeti

* 22 қыркүйек - Қала күні



ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Қиын кез Жылыойдың жүрегі – ардақты Құласары қаласының туған күнімен шын жеріктен құттықтаймын!

Құласары – өткеннің қадірлеген, бүгінгі құрметтенген, болашақты бекеттеген қасиетті мекен. Құластың, қарыштың келе жатқан шаһарымыз – елдің иісіне еңбек етін, бейбіт өмірдің берекесін артықтырып отырған илтимағы жарасқан тұрғындардың ортақ мақтанышы.

Құласары – Қазақстанның мұнай-газ саласының дамуына зор үлес қосып отырған өндірістің ірі орталығы. Жер қойнауынан алынған «қара алтын» еліміздің экономикалық қуатын арттырып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына жол ашты.

Сонымен бірге Құласары – тек өндірістің ғана емес, өнердің де ортасы. Бұл қасиетті топтырақтан елге белгісіз талай ақын-жазушылар, ғылым-білім саласында абыройлы азаматтар, тіпті әлем сахнасын баураған сирек кездесетін концерттер дауысты опера әншісі де шыққан. Мұндай дара дарындар – туған қаламыздың мәртебесін

арттырып, Жылыойдың рухани байлығын әлемге танытты.

Соңғы жылдары Құласары қаласында халық иісі үшін көптеген жұмыстар атқарылуда. Жоғары жаңғыртылып, жаңа нысандар бой көтеріп, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған жобалар жүзеге асырылуда. Мұның бәрі – сіздердің қолдауларыңыз бен илтимаз-біріктеріңіздің арқасы.

ҚАДІРЛІ ҚҰЛСАРЫЛЫҚТАР!

Қаламыздың берекесі – әрбір тұрғын үшін ортақ қуаныш. Осы орайлы күні сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, ырыс-құт тілеймін.

Құласарының болашағы жарқын, келешегі кеңес боларына сенемін! Туғаны бұл туған жеріміз қарыштай берсін! Мереке құбыты болсын!

Жұмабек ҚАРАЖАНОВ,
аудан әкімі

* Бәрекеді!

Өнердің қайнар көзі – халық. Ал сол халықтың рухани байлығын сахнаға шығарып, болашаққа жеткізетін ұжымдардың еңбегі қашанда бағалы. Осы жолы да Жылыой жерінің өнерпаздары бүкіл республикаға танылды. Республикалық «Би Арт» байқауында Атырау облысының атынан қатысқан «Жем Аруы» халықтық би ансамблі топ жарып, жүлделі 1-орынды иеленді.

Бұл жеңіс – жай ғана мәртебе емес, бұл – Жылыой өңірінің мәдениет пен өнер саласындағы айқын жетістігі. Құрылғанына 40 жылға жуықтаған ансамбльдің тарихы еңбектің, табандылықтың, өнерге деген адалдықтың тарихы.

1986 жылы алғаш рет сахна шымылдығын ашқан «Жем Аруы» ансамблі бүгінде талай буынды өнерге баулып, ұлттық би мәдениетін дәріптеп келеді. Қазақтың би қазынасын жанғыртып, дәстүр мен заманауи қойылымды шебер ұштастырған ұжым аудан мәдениетінің символына айналды.

Ансамбльдің негізін қалаушы әрі жетекшісі – ҚР мәдениет саласының үздігі, ауданның Құрметті азаматы Мағрипа Қопалқызы Шегенбасва. Оның ұстаздық еңбегі бір ғана ансамбльдің емес, тұтас аудан өнерінің

өркендеуіне қосылған өлшеусіз үлес. Мағрипа Қопалқызы шәкірттерін тек би қимылына ғана емес, ұлт рухына, өнерге деген адалдық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеп келеді.

«Жем Аруы» талай республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпазы атанған даңқты ұжым. Әрбір жеңіс – ата-ананың қолдауы, шәкірттердің ынтымағы, ұстаздың қажырлы еңбегінің ортақ жемісі.

Бұл жолғы жетістік те Жылыой өнерінің биіктен көрінгенін тағы бір дәлелдеді. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап жүрген ансамбльдің өнері жас ұрпаққа үлгі, болашаққа қалдырылған рухани мұра.

Жылыой жұрты мақтан тұтатын «Жем Аруы» ансамбліне алдағы уақытта да толағай табыстар, жаңа сахналық биіктер тілейміз.

Өз тілшім

* Спорт

ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ

Индонезия Республикасының астанасы Джакарта қаласында өткен Азия чемпионатында жерлестеріміз Гүлхан Шыңғысхан мен Шынар Бітімбай бақ сынады. Азияның 20 елінен 200-ге жуық үздік спортшы қатысқан дүбірлі додада Гүлхан 52 келі салмақта, Шынар 70 келі салмақта өнер көрсетті. Өзге елге барып, өз елінің байрағын көкке көтеру қай спортшының болмасын арманы екені рас. Ал, жастар арасындағы әлем чемпионы - спортшы үшін ең басты бәсекелердің бірі. Сол байрақты бәсекеде жылыойлық Шынар әдемі ойын өрнегін көрсетті.

Чемпионатта Шынар Бітімбай алғашқы айналымда Монғолия мен Қырғызстаннан келген қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, финалға дейін жетті. Ал, алтын үшін өткен шешуші кезеңде Оңтүстік Корея спортшысына жол беріп, Азияның вице чемпионы атанды.

Шынар Бітімбай дзюдо спортымен айналысқанына 8 жылдан астам уақыт болған. Жеткен жетістіктері де аз емес. Атап айтсақ, әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, Еуропа және Азия кубоктарының күміс жүлде иегері. Кейіпкеріміз жарыста жеңіске жету оңайға соқпағанын айтады. Соған қарамастан қарсыласына дес бермей, жеңіс тұғырынан көрінді. Ол «мұның барлығы үздіксіз жаттығулар мен төгілген маңдай тердің жемісі» дейді. Осы тұста әрқашан қолдау білдіріп, сенім артқан отбасы мен бапкері Жанылсын Көптілеуоваға алғысын білдірді. Спортшы қыз мұнымен тоқтап қалмақ емес. Қазіргі таңда ол алда өтетін жарыстарға қызу дайындық үстінде.

Жаттықтырушының сөзінше, жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Ол Шынардың алғашқы айналымда жақсы нәтиже көрсетіп, Оңтүстік Кореяның спортшысымен белдесуде сәл ғана басымдықпен есе жіберіп алғанын айтады. Десе де, намысты қолдан бермей жүлделі орыннан көрінді. Осы тұста қаламыз бойынша шәкірттің дзюдошы қыздар арасында тұңғыш Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанғанын бапкері мақтан етеді. «Шәкірттеріміздің биік белестерден көрініп, үмітімді ақтағандары кеудемді зор мақтаныш кернейді» дейді бас бапкер.

Қазіргі таңда үйірімеге 30-дан астам оқушы қатысып жүр. Оның 80 пайызы – қыз балалар. Олар да алда болатын чемпионаттарда бақ сынамақ.

А.МЕЙРАМБАЙҚЫЗЫ



«Жем Аруы» – республикалық байқаудың жеңімпазы

